

## «Атырау мұнай және газ» университеті



## Тақырыбы: Атырау химия зауыты

**Орындаған:**

**Дүйсенов Ж.Б.**

**Тексерген:**

Атырау – 2017


*Еліміздің мұнай өңдеу саласында үш  
зауыт бар, олар:*

- Павлодар мұнай-химия зауыты
- 1978 ж

- "Шымкент мұнай өңдеу зауыты.
- 1985

- Атырау мұнай өңдеу зауыты
- 1945 ж

# Атырау мұнай өңдеу зауыты



Атырау мұнай өңдеу зауыты-Қазақстандағы ірі өнеркәсіп кәсіпорындарының бірі. Зауытты жобалау КСРО мұнай өнеркәсібі Халық комиссариатының жоспарлы тапсырмасы негізінде 1943 жылы басталды. Зауыт құрылысы соғыс уақытының аса қиын жағдайында жүргізілді. Зауыттың техникалық жобасын американдық "Баджер и сыновья" фирмасы жасады. Ал оған түзетуді КСРО мұнай өнеркәсібі халық комиссариаты № 1 мемлекеттік тресінің жобалаушы ұйымы жүзеге асырды. Жергілікті жағдайға ыңғайлау жұмыстарының авторлары "Эмбанефтьпроектінің" жобалаушылары болды.

Зауыттың алғашқы жылдық өңдеу қуаты 800 мың тонна мұнай болды. Жұмысы Ембі кен орындарының мұнайына, Бакуден тасылып әкелінетін дисгиллятқа негізделді. Зауыт алғашқы күннен бастап отындық вариант бойынша дамып, авиациялық және автомобильдік бензиндер, әртүрлі моторлық және қазандық отындарын шығарумен айналысты.

• Атырау химия зауытының өнімдері

• Ауыр газойл

• Пештік тұрмыстық отын

• Мұнайлы кокс

• Технологиялық отын

• Гудрон

• Вакуумдық газойль

• Дизельдік отын

• Реакторлы отын

• СЫҒЫЛҒАН ГАЗ

*Шикі мұнай (немесе ) және  
газды конденсат өңдеу бойынша қызметтердің  
тізімі:*

Алғашқы өнімдерді өңдеу және  
мұнайды терең өңдеу;

Октандық санды жоғарылату  
мақсатында тауарлық бензинге  
компаундирлеу, қосымша және  
қоспаларды енгізу;

Дизель отынына қоспаларды және  
қосымшалар енгізу.

# Атырау химия зауытындағы негізгі жабдық және өнімділік:

- ЭЛОУ-АТ-2 қондырғысы
- ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысы
- ЛГ-35-113/300-95 каталитикалық риформинг қондырғысы
- Кокстеуді баяулататын қондырғы
- Бензинді гидроизомерлеу және гидротазалау қондырғысы
- Сарқынды суларды тазарту қондырғысы
- Дизельді отынды гидротазарту және депарафинизациялау қондырғысы
- Сутегін өндіру және тазарту қондырғысы (СӨТҚ)
- Кристаллдау блогы бар күкірт өндіру қондырғысы (КӨҚ)
- Жалпы шырақты жүйе және қышқыл газдар шырақты жүйесі
- Технологиялық азот өндіру қондырғысы
- Газ - реагент шаруашылығының қондырғысы

# Атырау химия зауытының маңызды жабдықтардан шығарылатын өнімдер:

## ЭЛОУ-АТ-2 қондырғысы арқылы мынадай өнімдер алынады:

- тікелей айдалған бензин;
- дизель отынының құрамдасы;
- мазут;
- көмірсутекті газ.

## ЛГ-35-113/300-95 каталикалық риформинг қондырғысы мынадай өнімдер шығарады:

- тауарлық бензиндердің
- жоғарыоктандық компоненті;
- сұйытылған тұрмыстық газ;
- сутекқұрамдас газ.

## ЭЛОУ-АВТ-3 қондырғысы арқылы мынадай өнімдер алынады:

- автоқұрам;
- уайт-спирит;
- реактивтік жанармай;
- дизельді жанармай;
- мазут;
- вакуумды газойль;
- гудрон.

## Кокстеуді баяулататын қондырғы мынадай мұнай өнімдері өндіріледі:

- майлы газ, зауыттың технологиялық кешендерінде қолданылады;
- кокстау бензині;
- жеңіл газойль;
- ауыр газойль.

## Бензинді изомерлеу және гидротазарту қондырғысының құрамына мыналар енеді:

- АТ-2 және баяу кокстау қондырғыларынан бензинді гидротазарту секциясы және тұрақтандыру;
- НК-85 0С фракциясын шығару мақсатында бензиннің кең фракциясын бөлу секциясы;
- НК-85 0С фракциясын изомерлеу секциясы.

## *Тауарлық зертханасы*



Тауарлық зертхана дайын өнімді нормативтік құжаттардың талаптарына, Кеден Одағының техникалық тәртібіне сәйкес іріктеп паспорттайды, қыздырылған коксты, түйіршіктелген күкіртті, құбырмен келіп түсетін мұнайды іріктеп-паспорттайды, вагон –цистерналарға тиелетін өнімдерді, сертификациялық сынақтар, мұнай сапасының кірісін бақылау , әртүрлі депрессорлы, октанды жоғарылататын, тозуға қарсы, тотығуға қарсы қоспалар, т. б. іріктеп, паспорттайды.

Зертхана заманауи автоматтық аппараттарымен , оның ішінде ағымдық температура, лайлану температурасы, француз фирмасының сүзгілеу температурасының шегін анықтайтын, Mettler Toledo швейцар фирмасының титраторымен, тығыздық өлшегішімен, Metrohm швейцар фирмасының титраторымен, Waukesha америкалық фирмасының октандық сандарды анықтайтын қондырғысымен, Perkin Elmer америкалық фирмасының атомды-абсорциялық спектр өлшеуішімен, PCS Instruments неміс фирмасының майлау аппаратымен, Oxford фирмасының күкіртті анализдейтін құрылғысымен және т.б. жабдықталған.



## Бақылау зертханасы



Бақылау зертханасы шикізат сапасын, технологиялық қондырғыларды, майларды, зертханалық бақылау кестесіне сай сілтілерді бақылайды және іріктеуді іске асырады. Сынауларды фракциялық құрамдағы, ағымдағы температураны, лайлану температурасын, ISL, PAC француз фирмасының тұтану температурасын, Thermo Euroglas B.V., Horiba фирмаларының микрокүкірт анализатор-талдағышында, Mitsubishi жапон фирмасының микроазот анализатор-талдағышында, Anton Paar америкалық фирмасының тығыздық өлшеуішінде , т.б. заманауи автоматты құралдар мен құрылғыларда сынаулар өткізеді.

# Реагенттер мен газдар зертханасы



Реагенттер мен газдардың зертханасы газдар мен реагенттердің, дизельді отынның, авто-бензиннің сапасын Perkin Elmer, Varian фирмаларының күрделі бағдарламамен қамтылған заманауи хроматографтарында сынақтың хроматографиялық әдістерімен бақылайды.

## Санитарлық-өнеркәсіптік зертхана



Санитарлық-өнеркәсіптік зертхана жұмыс аймағында, өндірістік алаңдағы атмосфералық ауаның санитарлық-қорғаныс аймағында, кәсіпорын қалдықтары және зертханалық бақылау кестесіне сәйкес ағындардың ауа құрамының сапасын тексеріп, зиянды заттарды іріктеп, бақылауды іске асырады. Зертхана жұмыс барысында RKI Instruments (АҚШ), Dräger Safety (Германия), Nach (АҚШ) фирмаларының заманауи газоанализаторларын пайдаланады.

## Сапаны басқару тобы



Сапаны басқару тобы сапа менеджменті жүйесін жетілдіру және жақсарту, жұмыс істеуін қамтамасыз етіп, әзірлеу және СМК құжаттарын қайта қараумен айналысады.



Назарларыңызға рахмет!

**L/O/G/O**